



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№22 (774) Сәрсенбі 1 маусым 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Министр өңір кәсіпкерлерімен кездесті

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Сыр өліне жұмыс сапары барысында облыстың бірқатар кәсіпкерлерімен кездесті. Басқосуға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы кәсіпкерлік пен өнеркәсіп саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, маңызды жобаларға қолдау көрсетуді сұрады.

– Биыл кәсіпкерлік саласын қаржылай қолдау мақсатында әртүрлі көздерден 12,4 млрд теңге қаржы қаралды. Қаражат халықтың бірінші қажеттіліктегі тауарлармен қамтамасыз ету үшін «Өңірдің 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары» шеңберінде өңдеу өнеркәсібі және өндіріске бағытталды.

Күрметті Әлібек Сәкенұлы, негізгі шешілуі тиіс мәселелерді талқылады. Осыған орай, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемін 310 млрд теңгеге және шикізаттық емес экспорт көлемін 150 млн АҚШ доллары көлемінде бекітілуіне ықпал жасауыңызды сұраймын, – деді облыс әкімі.

Өңір экономикасын әртараптандыру мақсатында жалпы құны 667 млрд теңгені құрайтын 22 ірі инвестициялық жобалар

тізімі қалыптастырылды. Бұл жобалардың ішінде 19 жобаға 285 млрд теңге қаражат қажет. Аталған жобаларды қаржыландыруды Қазақстан даму банкі, Өнеркәсіпті дамыту қоры және Агронесис корпорациясы қарастырады. Осыған орай, қолданыстағы заңнама аясында қаржыландыру мәселесін жылдамдатып қаралуына және шешілуіне ықпал жасау сұралды.

Индустрияландыру бағдарламасы аясында биылғы жылы 5 жобаны іске қосу жоспарланған. Сонымен бірге, «Шалқия» кен байыту фабрикасы мен қалыңпенген сода зауытының құрылыстарын II жарты-жылдықта бастау көзделуде.

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров кәсіпкерлікті дамытуға жан-жақты және тікелей қолдауға қатысты министрлік тарапынан қабылданатын шаралар бойынша жеке тоқталып, Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы іске асырылып жатқанын атап өтті.

Министрдің айтуынша, ұлттық

жоба шеңберінде жана құрал – 6% мөлшерлеме бойынша кепілсіз негізде микрокредит беру енгізілді.

Биыл республика бойынша «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында 127,9 млрд теңге бөлінді. 575 ауылдық елді мекенді қамтумен 1 057 жоба іске асырылатын болады. Оның ішінде Қызылорда облысына 7,9 млрд теңге бөлу арқылы 31 ауылдық қамту жоспарланды.

Жиында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков аймақтағы өндірісті дамыту бағытындағы негізгі жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларды айта берді.

Сонымен қатар «РЗА» акционерлік қоғамының президенті Самұрат Имандосов, «Сыр маржаны» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Мінәжидин Өтеев, «Нұрай» серіктестігінің директоры Сейітқали Алышбаев, «Шилі шұжы» серіктестігінің директоры Патима Маханбет ауыл шаруашылығы саласын қолдау, сауда саласын субсидиялау және «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы қызметін ұзарту, несиенің проценттік мөлшерлемесін субсидиялау бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Болат Ақшолақов БАҚ өкілдерімен кездесті

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов БАҚ өкілдерімен кездесті. Жұмыс барысында Қызылорда облысында өндірілетін мұнай қорының көрсеткіші мен елді мекендерді табиғи газбен қамтылу жайы бағандалды.

Сондай-ақ, БАҚ өкілдері тарапынан толғандырылған сауалдарына жауап берді. ҚР Энергетика министрі Болат Оралұлының айтуынша, бүгінде Қызылорда облысының газдандыру деңгейі 66,5 пайызды құрайды. Сәйкесінше, 550,8 мың адам табиғи газбен қамтылған. Газбен жабдықтау жөніндегі жобаларды іске асыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ «ҚазГаз» компаниясының қаражаты арқылы жүргізілуде. Бүгінде Қызылорда облысында жылытық қуаты – 89 МВт болатын 9 күн электр станциясы жұмыс істеп

тұр. Биыл Қызылорда облысында электр қуаты – 240 МВт болатын жылу электр орталығын салу жоспарлануда. Жобаны іске асыруға құны – 215,1 млрд теңге қаржы көзделіп, 2025 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Бұл жоба іске асырылса 700 млн кВт тапшылықты жоюға мүмкіндік болады.

Қызылорда облысы мұнай өндіру көлемі бойынша 5-ші өндіруші аймақ болып табылады. Өңірдің мұнай өндіру үлесі ел бойынша 6,14 пайызды құрайды. Былтыр мұнай өндіру көлемі – 4,3 млн.тонна болса, биылғы жылдың 4 айында 1,4 млн.тонна мұнай өндірілген. Аймақта игеріліп жатқан кен орындарының басым бөлігінде мұнай өндірудің табиғи төмендеуі байқалады. Өңірлерді табиғи газбен қамтамасыз ету бағытында былтыр Энергетика министрлігінің бюджеттік бағдарламасы аясында 4 жоба жүзеге асырылды. Аталған жоба арқылы 3 елді мекен немесе 24 мың адам табиғи газға қол жеткізді. Биыл жалғасатын 1 жоба мен 6 жаңа жобаны қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен газдандыруға 3,7 млрд теңге мөлшерінде қаражат көзделген.

Осыған сәйкес, Бірлік және Қыраш елді мекендерін газдандыру бойынша 1 жоба аяқталады. Төратам және Ақай елді мекендерін, сондай-ақ Сексеуіл, Махамбет және Наурыз кенттерін газдандыру бойынша қалған жобалар 2023 жылға ауыстырылады, – деді ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов.

Қызылорда қаласындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау мекемелерінде 20 аудандық қазандық жылу энергиясын береді. Станцияның негізгі жабдықтарының 82 пайызы тозған. Ал облыстағы «Қызылорда» Өңірлік электр желілік компаниясында 10 056 км кабель және әуе электр беру желілері арқылы жұмыс істейді. Мұнда электр желілерінің 69 пайызы ескірген.

– Қызылорда қаласының тұрғындары үшін электр энергиясының кепілді жеткізушісі – «Энергосервис» ұйымы және облыс бойынша – «Шилі Жарығ» және «Дәулет-энерго» ұйымдары болып табылады. 2019-2021 жылдары 5 қазандыққа және 3 газ турбиналық қондырғыға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деді ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов.

«Ел тілегі» ақпарат

Референдумға 272 шетелдік байқаушы қатысады

Орталық референдум комиссиясы халықаралық байқаушыларды аккредиттеу туралы үшінші қаулыны қабылдады. 2022 жылғы 30 мамырда Қазақстан Орталық референдум комиссиясы «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумға халықаралық ұйымдардың және шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеу туралы» қаулы қабылдады, – деп жазылған Орталық сайлау комиссиясы тараптан хабарламада.

Сыртқы істер министрлігі аккредиттеуге 8 халықаралық ұйым мен 11 шет мемлекеттен 153 байқаушыны ұсынды.

Сағат 18:00-де Орталық референдум комиссиясы 2022 жылғы 5 маусымға белгіленген республикалық

референдумға халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеуді аяқтады. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумға 25 шет мемлекет пен 11 халықаралық ұйымнан 272 байқаушы қатысады. Халықаралық байқаушылардың қатысуы науқанның ашықтығы мен жариялылығына, мемлекетіміздің халықаралық міндеттемелерді сақтауына ықпал ететінін атап өткізіледі. Бұл – халықаралық міндеттемелерге адалдығымыздың, сондай-ақ сайлау саласындағы халықаралық ұйымдармен, шет мемлекеттермен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруымыздың дәлелі, – деді Н.Әбдіров.

Бала – адамзат бақыты

Барша адамзат үшін ең маңызды мереке – 1 маусым балаларды қорғаудың халықаралық күні. Бұл – жадыраған жаздың алғашқы күніндегі ең көркем, ең мейірімді мейрам. Өйткені бұл күн сыңғырлаған сәби күлкісі мен балдырғандардың былдыры арқылы ерекшеленеді.

Бұл мереке сонау 1949 жылдың қараша айында өткен Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. БҰҰ бұл бастаманы қызу қолдап, балалардың құқықтарын, өмірін және денсаулығын қорғауды өз қызметінің басым бағыты деп жариялады.

Бала – басты байлығымыз, ал ең асылы – оның денсаулығы. Ал отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы алтын ұясы. Баланың тәрбиесі болып өсуіне отбасы мен өскен ортасының тігісетін әсері мол. Бала тәрбиесі ұлт таңдамайды, тәрбие барлық ұлтқа қызмет етеді. Алайда әр елдің балаларының бала тәрбиесіне ісі бір-біріне ұқсай бермейді. Әр ұлттың тәрбие беруі әркілі болса да, бала атаулығы ортақ құндылықтар бар. Олар – туған отбасы, ұядай жылы ұй, ата-анасының қамқорлығы мен сүйіспеншілігі.

Балаларды қорғау күні олардың өмірін соғыстан қорғау, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен

тәрбие беру жөніндегі барша әлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы десек, артық айтқандық емес. Дәл осы күні болашақта адамгершілікке, әділдікке, баянды өмірге толы қоғам құру үшін оның негізі – балаларға барлық жағдай жасау керектігі тағы да паш етіледі.

БҰҰ-ның жүргізген сауалнамасына жүгінсек, бүгінгі таңда әлемде әрбір оншыны бала үлкендер тарапынан жасалатын зорлық пен зомбылыққа ұшырайды екен. Сонымен қатар әлемде өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс өрті, теракттер балалар ғана емес, үлкендердің де психикасына кері әсерін тигізеді. Бұл- қорғаныссыз балалардың басына түскен үлкен ауыртпалық екендігі шындық. Жасөспірімдер арасында нашарқорлар саны өсуде, олардың жартысынан астамы ішімдік шуден де кеті әр емес.

Осылайша, Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың

бақыты өмірін қалыптастыру болып табылады.

Ұрпақты ұлттың жалғасы деп қараған бабаларымыз өзге жұрттан ұрпақ тәрбиесіне деген ынты-ықпалы мен ниеті арқылы озық тұр. Алаштың ақын ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Жас күнінде қалай ніп тастасаң, солай өседі» дейді. Иә, атам қазак сөзін бесік жырымен жұбатып, әнмен әлдилеп, өзгерімен елгітіп, жыр-дастанмен құлақ құрышын қандырады. Ел қорғаған батырды, сал-сері мен ақынды өнеге еткен. Міне, осындай мейірім мен даналықты бойына сіңірген қазақтың қай ұрпағы болмасын ұлттық намысты жоғары қоятын, көргенді, көпші болып өскен. Бұл мәселе, яғни ұрпақ тәрбиесі қай кезде де күн тәртібінен түспеуі тиіс. Себебі ұлт келешегі сапалы, саналы тәрбиеде жатыр.

Әдеттегідей ерекше көңіл-күймен өтетін мереке күні балалар үшін бәрі тең болады. Балалар арасында түрлі байқаулар ұйымдастырылып, бүддірішдеріміз көптеген аттракциондарға тегін отырады. Иә, балалар жылына орай ұйымдастырылатын шаралар бұрынғыдан ерекше болуы заңдылық. Адамзаттың бақыты бала. сондықтан да тек мереке ғана емес, әрқыз балаға қамқор болу үлкендердің міндеті.

Ж.ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНІҢ АБЫЗЫ

Облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Әбдіжәміл Нұрпейісовті еске алуға арналған «Ұлт әдебиетінің абызы» атты кеш өтті.



Қаламы теңіз толғаған қайсар қаламгерді еске алуға арналған кешке облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Балайым Кесебаева, Ғалым Әмреєв, руханият саласының белді өкілдері Елубай Смағұл, Мырзан Кенжебай, ақын Шөмішбай Сариевтің жұбайы Жумақұл Қазықызы, белгілі кинорежиссёр Рүстем Әбдірашев, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ұлы Көрм мен қызы Шұға Нұрпейісовтер және туған-туыстары қатысты.

Еске алу кешінде Ә.Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы «Қайран Әбе, қардарым» атты бейнесюжет көрсетілді. Жылыған қауым «Мен теңіздің ұлымын» театрландырылған композициясына тәңгі болды. Ал, театр әртістері «Теңіздей терен жан сырым» атты фантазматориялық рухнама оқып, ақынның «Соңғы парыз», «Қан мен тер» шығармасынан үзінді көрсетті.

Рухани кеште Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Толыбай Абылаев пен жас ақын Айдар Сайлауов арнау оқып, күлді әлемге қазақ сөз өнерінің салтанатын кемел тұрғыда көрсете білген Әбдіжәміл Нұрпейісовті еске алды.

Айта кетейік, әлем әдебиетінің классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтің еске алу шарасы екі күнге жалғасады. Ертең жазушының шығармашылығына арналған республикалық ғылыми конференция өтеді.

Ж.ҚАСЫМ

Брифинг

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ӨРЕНДЕРДІҢ ДЕМАЛЫСЫ ҚАЛАЙ ӨТПЕК ?

Тағы бір оқу жылы аяқталып, мектеп оқушылары жазғы демалысқа шықты. Өткен жылдары балалардың демалысын ұйымдастыруда елдегі пандемиялық жағдай кедергі болды. Жыл сайын мектеп жанынан ашылатын күндізгі тынығу лагері мен сырттағы тынығу орындарының жұмысы тоқтап, балалардың жазғы демалысы ұйымдастырылмады.

Апта басында қызылордалық журналистер тобы Арал ауданы, «Қамбаш» тынығу лагерінде болды. Облыстық білім басқармасы және өңірлік коммуникация қызметінің ұйымдастыруымен «Балалардың жазғы демалысы қалай ұйымдастырылуы барысы» жөнінде көшпелі брифингке болып өтті.

Биыл эпидемиологиялық ахуал тұрақталғаннан кейін білім мекемелері оқушыларды жана оқу

жылынан бастап мектепте оқытып, жазғы демалысты ұйымдастыруды қолға алынды. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – білім саласы үшін маңызды мәселе. Тоғыз ай бойы мектепте оқып, жазғы демалысқа асыға жеткен балалардың жақсы демалуына жағдай жасау алдын ала әзірленеді, іс-шара жоспары бекітіледі. Әсіресе, денсаулықты нығайтуға, шығармашылық, танымдық қабілетті арттыруға басымдық беріледі. Қызылорда облысы бойынша 1-10 сынып аралығындағы 169 263 баланың 100 мыңнан астамы жазғы тынығу лагерлерінде демалатын болады. 1 маусымнан бастап аймақтағы 9 балалар тынығу лагерлері өз жұмысын бастайды. Былғы маусымда облыстық білім басқармасына қарасты

«Талдысу», «Қамбаш» тынығу лагерінде кәсіподақ есебінен 100 бала демалады. Демеушілердің айтуы жыл аясында аз қамтамасыз етілген отбасының 100 баласына Алматы облысы, Есік қаласында орналасқан «Тау Жанашар» лагеріне жолдама беріледі. Бүгінде нақты 80 баланың жолдамасының қаржысы шешілсе, қалған жолдамалар бойынша демеушілер табу жұмыстары жүргізілуде. Мұнан басқа республикалық бюджет есебінен «Балдәурен – Қапшағай» лагеріне 16 бала, «Балдәурен – Шымкент» лагеріне 24 бала, «Балдәурен – Көкшетау» лагеріне 16 бала – барлығы 56 бала демалатын болады. Бұл туралы облыстық білім басқармасы тәрбие бөлімінің бас маманы Жадьра Шариева брифингте мәлімдеді.

(жалғасы 2-бетте)

31 мамыр - Қазақстандағы аясу күзін-сүргін құрбандарын еске алу күні

Тарих. Тағдыр. Тағзым...

Қызылорда қаласындағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу ескерткішінде мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен «Тарих. Тағдыр. Тағзым...» атты еске алу іс-шарасы ұйымдастырылды. Шара барысында солақай саясаттың кесірінен қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің рухтарына тағзым етіліп, құран бағышталды.

(Жалғасы 2-бетте)





Брифинг

Қызылордалық өрендердің демалысы қалай өтпек?



(Басы 1-бетте)

Биыл облыста 7 мемлекеттік және 2 жеке жазғы тынығу лагерлері балалар үшін жұмыс жасайтын болады. Аталған лагерлер 7 аусымда 8 260 бала тынығуды деп жоспарлануда. Сондай-ақ, 1 маусым күні «Жазды қуанышка толтырайық!» тақырыбымен облысымызда барлық сыртқы қосымша білім беру ұйымдары және мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерінің кең көлемде ашылу салтанаттары ұйымдастырылады, - деді Жадыра Шариева. Мектеп туризмін жандандыру бойынша өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштерге 32 мыңнан астам оқушы саяхаттайды. Сонымен қатар жаз маусымында 5 мың баланы облысымыздағы мененаттар мен демеушілер есебінен демалдыру, Нұр-Сұлтан қаласына экскурсияла жұмыстары да жүзеге асырылады. Жазғы уақытта балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында аулалық клубтар, бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтын қалыптастыру, зияткерлік, дебаттық, техникалық, өнер, тілді шеберлігін дамыту бағттарында оқушылар кең көлемде қамтылады. Айтпа кетейін, экскурсиялар кезінде балалардың қауіпсіздігін сақтау және түрлі төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылданып, арнайы медициналық көмекпен қамтамасыз етілетін болады. Айтпа кетейін, аймақта 270 мектеп жанында тамақпен және тамақсыз күндізгі тынығу лагерлерінің жұмысы жүргізіледі. Мұнымен қоса, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 31 мың баланы сауықтыру демалысымен, саяхаттармен қатар бағытында қолдау шаралары бірінші орында ұйымдастырылатын болады. Брифинг барысында журналистер Қамбаш тынығу лагерінің жұмысымен танысты. - Биылғы балалар жылына орай «Қазақстан балалары - жазды қуанышка толтырайық» атты жазғы маусымның

ашылу салтанатын 1 маусымға жоспарлап отырмыз. Бұйырса, осы жылы маусымда 1000 бала біздің лагерде демалады деп жоспарлап отырмыз. Тынығу лагерінде 30-ға жуық маман қызмет атырады. Лагерь бағдарламасында балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып топтарға бөліп, тәрбиешілер мен үйірме жетекшілері балалармен белсенді жұмыс істейді. Сонымен қатар аталмыш орталық балаларды демалыспен қамтумен қатар «Робототехника», «Намыс» әскери-патриоттық клубы, «Happy English», «Золотой клуб» тілдік үйірмелері, «Спортпен достас», «Бассейнде жүзу» үйірмесі, «Алтын сөз», «Дизайн», «Жас пікір сайысшылар клубы», «Шұғыла» би үйірмелерін жүргізетін болады. Өрбір тынығушы өздерінің қалаған үйірмелеріне барып, өз уақыттарын тиімді, әрі қызықты өткізуге жағдай жасалынған, - деді Рахан Байтөресұлы. Қамбаш тынығу лагерінде балалар үшін бар жағдай жасалынған. Дәрумендерге толы 5 мезгіл тамақ, үйірме жұмыстары, бассейн, кітапхана, дәрігерлік кеңес беру кабинеті, тіс дәрігері кабинеті мен емдеу процедураларын жүргізетін арнайы құрылғылармен қамтылған. Мұнан бөлек, 7 аусымдық демалыс маусымы аяқталған соң, Қамбаш family отбасылық лагері ұйымдастырылады. Мұнда отбасымен келіп, бірге демалыс сәттерін өткізуге қолайлы жағдай қарастырылған. Иә, биыл балалар жылында біздің өрендеріміз үшін мүмкіндігінше демалыс орындарының есігі балаларға ашық болады. Бір ескерер жайт, суға шомылу маусымында арнайы белленген жерге ғана шомылуы, тілсіз жаудан қорғануы ата-аналар тарапынан да қадағаланып, балаларға ескертіліп отырса дейміз. «Сақтанса сақтаймын» деген қағиданы қаперімізден шығармағанымыз бағдалы.

Жансия НҮРҚОЖА

Балалар тынығу лагерін дұрыс таңдаңыз

Бүгінгі күні Қызылорда облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалар бақылауында 9 балаларды сауықтыру ұйымы бар. Оның 7-уі мемлекеттік болса, 2-уі жеке. Аталған сауықтыру ұйымдарының 6-уы жыл бойы қызмет көрсетеді.

Бүгінгі күні 8 лагерь санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алды, олар: Арал ауданындағы «Қамбаш олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы», Сырдария ауданындағы «Жалын», Жалағаш ауданындағы «Ақтөре», Шиели ауданындағы «Сыр ұланы», Жаңақорған ауданындағы «Тау самалы», «Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы», Қызылорда қаласындағы «Зерентай», «Қазалы ауданындағы «Шағала». Қызылорда қаласындағы «Петро Қазақстан Кумкол Ресорсиз» АҚ-на қарасты «Арай-Санрай» лагерінің кеш ашылуына байланысты әлі өтініш түскен жоқ. Биыл жаз айларында Қызылорда облысында 8 260 бала өз денсаулығын

жақсартып, спорттық және зияткерлік спартакиадаларға, көңілді жарыстарға қатысып, жазғы уақытты жақсы өткізуге мүмкіндік алады. Өз аймағынан тыс жерлерге бара алмайтындар үшін аймақта мектеп жанынан күндізгі 273 лагерь ұйымдастырылды. Мұнда жазғы маусымда 90 035 оқушы қамтылады деп жоспарлануда. Облыстағы барлық сауықтыру ұйымдарында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 3 лагерьде ас блогтары қосымша технологиялық-тоназытқыш қондырғылармен жабдықталды. 5 лагерь ғимараты орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Шомылу үшін Арал мен Сырдария аудандарындағы тынығу лагерінде табиғи су көзі, қалған 7 лагерьде бассейн қарастырылған, барлығы жұмыс қалпында. Медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша жалпы облыс бойынша 4 сауықтыру ұйымында штаттық мейірбике қарастырылған. Сонымен қатар барлық лагерьде жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарымен келісім шартпен балалар дәрігері, тіс дәрігері және мейірбикелер бөлінген. Бүгінгі күні тынығу лагерлерінің ұй-жайлары мен аумағына кенеге, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаларға қарсы өңдеу, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметімен балалар арасында топтасқан тағамнан алдану және инфекциялық аурулардың алдын алу мақсатында қала сыртындағы және

мектеп жанындағы күндізгі лагерьлерге санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды күшейту туралы тапсырмалар берілді. Тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім бөлімдері, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық бөлімшелері және балаларды сауықтыру ұйымдарында тамақтандыру қызметін көрсететін кәсіпкерлер арасында өзара ынтымақтастық туралы үш жақты меморандум жасалды. Облыстағы сауықтыру ұйымдарының санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын мен балалардың денсаулығына тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі. Мамыр айында аймақтық білім беру басқармасымен, төтенше жағдайлар департаменті, полиция департаменті және сауықтыру ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп, шектеу іс-шаралары, қауіпсіздік ережелері, санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы, балаларды сауықтыру ұйымдарының жұмыс жасау алгоритмін сақтау мәселелері бойынша бірнеше түсіндірме іс-шаралары өткізілді. Құрметті ата-ана! Балаңыздың қауіпсіз демалысы үшін тынығу лагерін таңдаған кезде міндетті түрде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының бар болуына баса назар аудару қажеттігін маңызды еске саламыз. Алмас ШУАХБАЕВА, Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы



Қазақ күресінен «Алтын белбеу» жарысы өтті

«Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен XIII облыстық «Алтын белбеу» сайысы өтті.

Өңіріміздің барлық аймағынан құралған 9 командалан 200-ден аса ең мықты балуандар өзара белдесті. Ауыр салмақта орын көрсететін түіе палуандар сайысына қатысқан 16 спортшының арасынан I орын «Сыр барысы» - Мақсат Исақабыловқа бұйырды. II орынды «Сыр арланы» Нұрым Сәлімгереев жеңіп алды. III орынды «Сыр сұңқары» - Жұмахан Сағынши немдеді. Сонымен, «Алтын белбеу» белдігінің иегері Қызылордалық Мақсат Исақабылов атанды. I және II-орын алған балуандар 3 шілде күні Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президенті жұлдесі үшін өтетін «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне жолдам алады. Қос спортшы «Астана күні» мерекесі қарсаңында ел астанасында облыс намысын қорғайтын болады.

Референдум Конституцияның баптарын халық болып таңдауға мүмкіндік береді

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері аймақтағы кәсіпкерлік нысандарда Конституцияға енгізілетін өзгерістерді түсіндіріп жүр. «5 маусымда өтетін референдум туралы ақпараттық материалдар жеткілікті. Дегенмен кей азаматтың танысып шығуға уақыты немесе мүмкіндіктері болмауы мүмкін. Кездесулерді сол үшін де жұмыс орындарында ұйымдастырып жатырмыз», - дейді Кәсіпкерлер палатасы директоры Пірмухаммед Сыздықов. Палата мамандары бүгінге дейін екі мыңнан астам адаммен кездесті. Бұл шаралар облысқа қарасты барлық аудан мен Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында да жүргізіліп жатыр. «Бір кездесулерде «кімге дауыс беру керек» деген сұрақтар қойылды. Біздің мақсатымыз - азаматтарды референдумға келіп, өз таңдауларын жасауға шақыру. Сол үшін түсіндірмені жасаған дұрыс деп санаймын. Өңірлік кеңес мүшелігіндегі кәсіпкерлер де қун сайын аудандарда ауылдарды аралап жүр. Референдум Конституцияның баптарын халық болып таңдауға мүмкіндік береді. Ел үшін маңызды шарада үлес қосу - азаматтық міндетіміз», - дейді Пірмухаммед Сыздықов. Кездесулерде кәсіпкерлерге Конституцияға енгізілетін өзгерістер жазылған ақпараттық парақшалар таратылып жатыр. Сондай-ақ, аталған шараларда қолданыстағы салаға қатысты мемлекеттік бағдарламалар мен қолдау тетіктері жөнінде ақпараттар берілді.

MPT, ЭЭГ кабинеттері ашылды

Қала орталығы «ALEXEY SULTAN AKHMET» ЖШС емханасының филиалында MPT және ЭЭГ диагностикасының кабинеттері іске қосылды.

Халық денсаулығын жақсартуда өзіндік үлесін қосатын кабинетті халық қалаушылары ашып, емхана жұмысына сәттілік тіледі. Енді бұл кабинеттер облыс тұрғындарына қызмет көрсететін болады. Емхана пациенттер мен қызметкерлердің экологиялық қауіпсіздігін, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасына ерекше көңіл бөледі. Мұнда MPT зерттеулерін жүргізетін лаборанттар Нұрсұлтан қаласындағы Ұлттық кардиохирургия орталығында білім алған. Ал MPT қорытындыларын Орал қаласынан және «Siemens» құрылысында жұмыс істеу тәжірибесі мол MPT диагностикасының дәрігері оқиды. MPT аппаратының сипаттамасына келетін болсақ, бұл мемлекетке келесі мүмкіндіктер бар: - түнделі ұзындығының қысқаруы (наукаста клаустрофобия ықтималдығы айтарлықтай төмендейді) - семіздікпен ауыратын науқастармен, әртүрлі қосымша жабдықтары бар науқастармен жұмыс істеу кезіндегі жүйе мүмкіндіктері, жүк көтергіштігі 200 кг. - WARP және Advanced WARP металл импланттарының артефактілерін азайтуға арналған бағдарламалар металлдың импланттардың жанында сканерлеуге мүмкіндік береді. - Сканерлеу кезінде емделушінің қозғалыстарын компенсациялау технологиясы бүкіл процедура барысында анестезиясыз қажетті қозғалысыздығын сақтай алмайтын науқастарды жоғары сапалы тексеруге мүмкіндік береді: • нәрестелер, • клаустрофобиясы бар адамдар (жабық кеңістіктен қорқу), • еріксіз қозғалыстары бар науқастар, • қозғалысыз күйде күйшіген ауырсынуды синдромы бар науқастар.

Энтеровирустық инфекцияларды қорғану жолдары

Менингит - бұл ми мен жұлын мембраналарының қабынуы. Қабынудың сипаты бойынша менингит серозды және ірлді болады. Серозды менингиттің негізгі белгілері: қатты бас ауруы, жоғары қызба, жөтел және мұрынның ағуы, сондай-ақ құсу, құрысулар, фотофобия болуы мүмкін. Серозды менингитті энтеровирустар тудырады (Коксаки және Эхо вирустары). Энтеровирустар сыртқы ортаға өте төзімді және ұзақ уақыт бойы ағынды суларда, бассейндерде, ашық су қоймаларында, тұрмыстық заттарда, тамақ өнімдерінде (жемістер, көкөністер) сақталуы мүмкін. Вирус қызған, қайнаған кезде тез өледі. Энтеровирустық инфекциялар кезінде инфекция көзі ауру адам және «сау» вирус тасымалдаушысы болып табылады. Адамдар көп жиналған кезде ауа тамшыларымен де берілуі мүмкін. Инфекция көбінесе су қоймаларында және бассейндерде шомылу

кезінде пайда болады. Көбінесе энтеровирусты инфекциялармен балалар ауырады. Аурудың жазғы-күзгі маусымдылығы байқалады. Энтеровирустық инфекциялар көптеген клиникалық көріністермен сипатталады: бұл серозды менингит, герпангина, экзантема, афтозды стоматит, сирек геморрагиялық конъюнктивит, увеит, жедел сал ауруы синдромы (ОВП) болуы мүмкін. Сонымен қатар, ауру тыныс алу синдромымен және гастроэнтерит синдромымен бірге жүруі мүмкін. Медициналық көмекке және емдеуге уақыттылығы жүгінуге аурудың нәтижесі қолайлы болады. Қызылорда облысы көлемінде апта сайынғы жүргізіліп отырған мониторингке сөйкес, 2022 жыл басынан бері менингит инфекциясы, оның ішінде серозды менингит және энтеровирус инфекциялары тіркелмеген. Серозды менингит ауруының ең жиі тіркелу жағдайлары 2019 жылы орын алды,

менингиттің 24 жағдайы тіркелген. Барлық жағдайлар шілде-қазан ай аралықтарында анықталды. Ауруға шалдыққандардың 67 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар арасында орын алды, сәйкесінше кәсіби құрамы бойынша 67 пайызын мектеп оқушылары құрады. 2020-2021 жылдары ідетке шалдығу деректері тіркелмеген. Серозды менингит және энтеровирустық инфекциялар ауруының алдын алу үшін келесі шаралар сақталу қажет: - жұқпалы аурудың белгілері бар адамдармен байланыс жасаманыз (тамағының ауруы, мұрынның ағуы, жоғары қызбасы бар, бас ауруы, құсу, кейде іштің ауыруы); - мүмкіндігінше адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектеніз; - ауырған баланы балабақшаға, мектепке жібермеңіз, өзін-өзі емдеумен айналыспаңыз- тұрғылықты жерінің бойынша дәрігерді үйге шақырыңыз немесе емханаға хабарласыңыз;

- тек қайнатылған немесе бөтелкедегі су мен сусындарды ішіңіз; - ауыз су үшін кездейсоқ табиғи су көздерінен-құдықтар, сұрқұрақтар, қолдер, өзендер және т. б. жерлерден су ішіңіз; - жемістер мен көкөністерді ағынды сумен мұқият жуыңыз (бөтелкеленген, қайнатылған); - әр тамақтанар алдында және дәрестанға барғаннан кейін қолыңызды сабынмен жуыңыз, жеке және қоғамдық гигиена ережелерін қатаң сақтаңыз; - дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып, тұрғын үй-жайларды дымқылды тазалаңыз, бөлмелерді желдетіңіз; - рұқсат етілмеген, белгісіз сауда орындарынан азық-түлік сатып алманыз. Салтанат ЖАКУШОВА, Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бас маманы

Жыл басынан бері облыс бойынша кене шағу дерегімен 225 адам медициналық көмекке жүгінген. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 2 есеге көп.

Облыста кене шағу дерегі екі есеге көбейді

Аса қауіпті Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына ағымдағы жылдың 5 айында 4 ықтимал жағдай тіркеліп, оның 1-уі эпидемиологиялық клиникалық және зертханалық жолмен нақтыланды. Қалған 3 адамның диагноздары зертханалық қорытындыларының теріс болуына байланысты өзгертілді. Былтыр КҚТҚ ауруы 12 адамнан анықталған болатын. Соуір айынан басталған кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарының 1-кезеңі 4 маусымда аяқталады деп жоспарланды. Жүргізілген мониторинг кенеге қарсы өңдеу жұмыстарының тиімділігі 95 пайыздан жоғары деңгейде екендігін көрсетті. Бүгінгі күні облыс бойынша медициналық мекемелерде КҚТҚ-мен ауыратын науқастарды емдеуге арналған вирусқа қарсы препараттар, иммунды плазма, қажетті дәрі-дәрмектер, қан және қан алмастырғыштар, қорғаныс заттары, залалсыздандыру заттары және т.б. қажетті құрал-жабдықтар қоры жасақталған. Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті азаматтарды мал шаруашылығымен айналысқанда, табиғат аясына демалысқа шыққанда кенелердің шабуылынан сақтану шараларын жауапкершіліктен орындауды сұрайды. Сондай-ақ аурудың алғашқы белгілері анықталған бойда жедел түрде медициналық көмекке жүгінуге кенес беріледі. Себебі дер кезінде ем-шара қабылдаған жағдайда аса қауіпті аурудың асқынып кетуіне, өлім жағдайына әкеліп соғуына жол бермей, толық сауығып шығуға болатындығын еске саламыз. Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті

Тарих. Тағдыр. Тағзым...

(Басы 1-бетте)

Бір минут үнсіздікпен басталған шара 1928 жылы 27 тамызда «байлар шаруашылығын тәркілеу туралы» үкімет қаулысы дайындалып, кіші октябрь революциясын жүргізудің алғашқы қадамдары жасалған кезді еске түсірді. Бұл науқанның тез арада жүзеге асуы үшін өктемде қатал түрде қадағаланып отыруы назарға алынған болатын. Голощекиннің бұл саясаты сүйенсек, Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған, ал оның төрттен бір бөлігі яғни 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген.

Кенестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолданушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» деген жала жауып, халықтың оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Қара халықтың қамын жеген ұлт жанашырларынан сескенген тоталитарлық билік атап айтқанда, 1929 жылдан бастап адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Зерттеушілер Сталиндік қуғын-сүргінге сансыз репрессияны, ашаршылықты, халықтар депортациясына жатқызды. Бұл оқиғалардан төрт жарым миллиондай Қазақстан азаматы зардан шекті. Тек Қазақстанда 25

мыңға жуық адам түрмеге қамау, ату сияқты қатал жазаға кесілген. Халқымыздың ауялуы перзенттері Тұрар Рысқұлов, Олихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Санжар Асқандияров, Халел Досмұханбетов, Темірбек Жүргенов және тағы басқа мыңдаған жанның өмірі дәл осы жылдары қиылды. Ресми дерек көздеріне сүйенсек, Қазақстанда 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған, ал оның төрттен бір бөлігі яғни 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген. Кенестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолданушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» деген жала жауып, халықтың оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Қара халықтың қамын жеген ұлт жанашырларынан сескенген тоталитарлық билік атап айтқанда, 1929 жылдан бастап адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Зерттеушілер Сталиндік қуғын-сүргінге сансыз репрессияны, ашаршылықты, халықтар депортациясына жатқызды. Бұл оқиғалардан төрт жарым миллиондай Қазақстан азаматы зардан шекті. Тек Қазақстанда 25

Зибаһ ӘЛІ

ТЫРЫСҚАҚТАН САҚТАН!

Тырысқақ (лат.cholera) – антропонозды жіті ішек жұқпасы, Халықаралық медициналық – санитарлық ережелерге сәйкес карантинді жұқпаларға жатқызылады.

Тырысқақ ерекше өзіндік гастроэнтеритпен немесе энтеритпен, жалпы интоксикациямен, су-тұз алмасуының бұзылыстарымен организмнің сусызданып, жүрек қан-тамырлар қызметінің қарқынды төмендеуімен сипатталатын жедел жұқпалы ауру. Басқа жұқпалы ішек ауруларынан ағымының ауырлығымен, өлімнің жоғарлығымен, қысқа мерзім ішінде кең аймақтағы тұрғындардың үлкен континентін залалдау қасиетімен ерекшеленеді. Осы ерекшеліктеріне қарай тырысқақ аса қауіпті инфекциялар қатарына жатқызады. Әлемде тырысқақтың 7 пандемиясы белгілі. Эль-Тор тырысқағы 1968 жылы Қазақстан мен Өзбекстанның Хорезм облысына, ал 1970 жылы Одесса, Астрахань, Керке енген болатын. 1922-1993 жылдары Эль-Тор тырысқағымен аурушылықтың жаңа көтерілісі Ресей Федерациясы аумағында (Дағыстан, Калмыкия, Ростов облысы т.б.) байқалды. 1993 жылы тырысқақ Оңтүстік Қазақстан аймақтарында тіркелді.

Тырысқақ бойынша қолайсыз эпидемиялық жағдай қазіргі күнде де Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде сақталуда.

Қызылорда облысында тырысқақ ауруымен 2005 жылы 1 адам науқастанған. Науқас сырттан тасымалданған жарылған қауындар сатып алып жеткен, автокөлігінде жүрген жылы суды ішкен. Нәтижесінде науқастан біздің аймаққа тән емес тырысқақтың Vibrio eltor қоздырғышы анықталды. Барлық карантиндік шаралар толық көлемде атқарылды. Дер кезінде анықталып, уақтылы жүргізілген емнің нәтижесінде науқас жазылып шықты. Науқаспен қарым-қатынаста болғандар арасында ауруға күдіктілер анықталған жоқ.

Этиологиясы. Ауру тырысқақ вибрионының екі түрімен шақырылады: Vibrio cholerae және Vibrio eltor. Біріншісі 1884 жылы Р.Кох ашқан, екіншісі F.Gotschlich Эль-Тор-да табылған. Марфологиялық қасиеттеріне қарай Эль-Тор вибрионы классикалық түрінде ерекшелігі жоқ. Екі қоздырғышта грамм теріс, сұйық орталарда жақсы өседі. Тырысқақ вибриондары экзотоксин (холероген) түзеді, бастапқы синдромда диареяны (іш өту) тудырады.

Коздырғыш қыздырғанда



Денсаулық

және залалсыздандырушы ерітінділердің әсеріне сезімтал, төмен температураларда өмір сүру қабілеті 1-2 айға дейін сақталады.

Эпидемиологиясы. Инфекция көзіне ауру адам және сау вибрион тасымалдаушы жағдай. Залалдану механизмі фекальды-оральды жолмен жүғады, су, тамақкөнетұрмыстық қатынас жолдарымен тарайды.

Патогенезі. Залалдану ауыз арқылы залалданған су немесе тамақ қабылдаған кезде жүреді. Тырысқақ вибриондары су және тамақпен асқазанға түскен соң, асқазандағы қышқылды ортада өледі, дегенмен, микробтардың бір қатары ішекке өтеді де, сонда көбейіп, экзотоксин бөледі. Экзотоксин әсерінен шырышты қабат клеткалары көп мөлшерде изотопиялық сұйықтық бөле бастайды. Ал ішектен бөлінген сұйықтық мөлшері ток ішек сора алатын мүмкіндігінен асып кетеді де, нәтижесінде профузды изотопиялық диарея пайда болады.

Тырысқақтың токсиннің адам организмне әсер ету нәтижесінде құсу, іш өту, іштің кебуі, организмнің сусыздану мен тұзсыздануы болады.

Ең көп мөлшерде натрий, калий, бикорбанаттар және хлор иондары жоғалады. Мол құсу және іш өту айналдырындағы қан көлемін (ОЦК — АҚК) күрт төмендетеді. Қан айналымындағы тапшылықтың орнын толтыру үшін клеткааралық және клеткаішілік кеңістіктегі су және тұздар қан тамырлары жүйесіне өте бастайды.

Қанның қоюлануы, бір жағынан,

қанның тамырлар бойымен баяу қозғалуына, зат алмасуының клеткалық деңгейдегі бұзылыстарына әкеледі.

Миокардтың жиырылу қызметі, ми және бүйрек қызметтері бұзылады. Зат алмасудың қышқылды өнімдерінің көбеюі және негіздердің жетіспеушілігі компенсацияланған ацидозға әкеледі.

Клиникасы. Тырысқақтың инкубациялық кезеңін 1-2-5 күнді құрайды. Тырысқақ вибрионымен залалданғанда әр түрлі клиникалық көрініс болады. Тырысқақ кенеттен профузды іш өтуден басталады. Сирек кездерде әлсіреуден, тәбетінің төмендеуінен, бас айналудан, іштің қурылдауынан басталады. Тырысқаққа нәжістің жағымсыз иісі болмайды, ол бетінде үлпегі жүзіп жүрген сулы сұйықтық «күріш қайнапсына» ұқсайды. Сирек нәжістің түсі не сары, не қоңыр, не қызылдануы болады.

Алдымен дәреті жиі емес, нәжістік сипаты мен иісі сақталған, ал кейін ботқа тәрізлес, сонында су сияқты болады. Осы уақыттан бастап нәжісі үздіксіз және еріксіз жүреді, іш өтуінде ауру сезімі мен тенезмалар болмайды немесе болса да өте айқын емес. Соңыра іш өтуге құсу қосылады, құсу жүрегі айнуынсыз болады. Алдымен құсықта тамақ қалдықтары болады, кейін ол өт қосындысы бар сулы сұйыққа айналады.

Зәр бөлу күрт төмендейді. Олигурия анурияға өтеді.

Дене салмағының 8-10% құрайтын сұйық жоғалғанда және

натрий хлоридімен, калий жоғала беретін болса, науқаста гиподемия. Ол артериалды қысымның төмендеп жоғалуымен, әлсіз жиіленген тамыр соғуымен, күшті енгіуімен терісінің цианозымен, аяқ-қолдың топиқалық құрысуымен, шайнау бұлшық еттерінің құрысуымен, олиго-ануриямен сипатталады. Бет сызықтары үшкірленген, көзі мен ұрты түсіп кеткен, тілі құрғақ, ауыз шырышты қабаты құрғаған дауысы қырылдаған не болмаса дауысы мүлдем болмайды (афония). Дене температурасы төмен. Терісі салқын, тургор төмендеген, тері қатпарлары жазылмайды. Қол басы және табан саусақтары әжімделген, «кір жуушы» қолы секілді.

Лабораториялық диагностиканың бактериологиялық әдісі шешуші маңызға ие. Серологиялық зерттеу әдістері агглютинация реакциясы вибриоцидті анти денелерді табу реакциясы (ИФА) люминисцентті серологиялық әдіс және фагтың адсорбциялық реакциясы (ФАР) диагностикалық қосымша әдістеріне жатады. Соңғы жылдары ПЦР әдісі қосылды.

Емі: Балаларда тырысқақты емдеу принципін тырысқақтың патогенезіне негізделген және Науқастың организмнің су-тұз балансын қалыптастыруға бағытталған. Ем екі кезеңге бөлінеді: Дене салмағының дефицитінің орнын толтыру және жоғалған су және тұздың орнын толтыру. Бірінші кезеңде ем басталғанға дейінгі сұйықтар мен тұз дефицитінің орны толтырылады. Салмақ дефицитін анықтауды мүмкіндік болмағанда, клиникалық көріністеріндегі дегидратацияның дәрежесіне қарай ем жүргізіледі.

Алдын алу шаралары: Алдын алу шаралары инфекцияның қолайсыз аймақтардан таза аймақтарға өтуінің алдын алуға бағытталған. Тұрғын орындардың санитариялық жағдайын халықаралық медико-санитарлық ережелерге сай жақсарту. Тырысқақ анықталған басқа елдерден келген адамдарды 5 күн бойы медициналық бақылауға алу. Тырысқақ ауруынан қолайсыз елдерден келген азаматтарды, қашқындарды бір рет тырысқаққа вибрион тасымалдаушылыққа бактериологиялық зерттеуден өткізу.

Тырысқақпен ауырудан сақ болайық!

Мира БОРАНБАЕВА,
Қызылорда облысының
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау департаментінің
бас маманы



СӨЛТҮСТІК КОРЕЯ

Бір тәулікте 96 мың адамнан безгек анықталды

Солтүстік Кореяда соңғы 24 сағат ішінде безгек белгілері бар 96 020 адам анықталды. Сәуір айының соңынан бері мұндай жағдайдың жалпы саны 3,64 миллионнан асты. Сеул билігінің мәліметінше, безгекке шалдықандар арасында коронавирус жұқтырғандар ғана емес. КХДР билігі COVID-19 вирусын дәл анықтау мүмкіндігінің шектелуіне байланысты безгек белгілері бар адамдар статистикасын жүргізетінін болжап отыр. КХДР халқының саны шамамен 24 миллион адамды құрайды. Тәулік ішінде ең жоғары өсім 15 мамырда тіркелді – 392 920 жағдай. Осыған байланысты ел басшысы барлық қалалар мен округтерде оқшаулау шараларын енгізуді тапсырды.

ГЕРМАНИЯ

Қорғанысқа 100 млрд. Еуро бөлмек

Германияның басқарушы коалициясы оппозициямен армияны жаңғырту мақсатына 100 млрд. еуро бөлуге келісті. Ол үшін Германияда соның ішінде соңғы қаруларға ірі тапсырысты қаржыландыратын арнайы қор құрылады. «Мұндағы негізгі мақсат – неміс армиясының қорғаныс қабілетін арттыру арқылы елдің бостандығы мен демократиясын қорғау», – деп мәлімдеді Германия қанцлері Олаф Шольц. Ол қорғаныс шығындарының ақпан айының соңынан бастап ұлғайғанын хабарлады. Онда Шольц неміс билігі ұлттық ЖІӨ-нің 2%-дан астамын Бундесверге инвестициялайды деп уәде берді. Германия үкіметі ол үшін 2022 жылға арналған мемлекеттік бюджетінен 100 млрд. еуро бөлуге дайын.

Арнайы қорды қосымша несиелер есебінен қаржыландыру жоспарланып отыр. Бұл Германия конституциясына өзгерістер енгізуді талап етеді, өйткені негізгі заң бюджеттен түсетін қаражаттан көбірек жұмсауға тыйым салады. Өз кезегінде конституцияға түзетулерді қабылдау үшін Бундестаг пен Бундесрат депутаттарының үштен екісінің қолдауы қажет. Оппозиция дауысыз басқарушы коалиция түзетулерді қабылдай алмас еді. Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін Германия 1990 жылы армиясының санын шамамен 500 мың дамын бүгінде 200 мыңға дейін қысқартқан болатын.

ФРАНЦИЯ

Өнертапқыш қолдан жасалған құрылғыдан құлап, жарақат алды

Француз өнертапқышы Фрэнки Запата көрме кезінде қолдан жасалған реактивті раңқты басқара алмай, Бискаррос көліне 15 метрден құлап жарақат алды. Ресми ақпарат көздері 40 жастағы ер азаматтың ауруханаға жеткізілгенін және оның денсаулығы жақсы екенін хабарлады. Flyboard деп аталатын құрылғы төрт микротурбинамен жұмыс істейтін және сағатына 140 км жылдамдыққа жетуге қабілетті серфинг тақтасының бір түрі. Су шаңғысы спортшының бұрынғы чемпионы 2019 жылы Париждегі Бастилияны алу күніндегі әскери шеруде және Ла-Манш бұғазында небәрі 22 минутта 35,4 км қашықтықта ұшып өткеннен кейін танымал болды.

ЕУРОПА


Халық саны азайып келеді

Еуропалық Одақ халқының саны азайып келеді. Еуростатистика мәліметінше, 2021 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша Еуроодақтың 27 елінде тұратын адам саны 12 айда 278 мың адамға азайып, 447,2 миллион адамға жеткені айтылады. 2001 жылы Одақта 429 миллион адам өмір сүрген. Халықтың табиғи өсімі, яғни туу мен өлім арасындағы айырмашылық 2020 жылы -2,5-ке дейін төмендеді. Бұл COVID-19-ға байланысты болуы мүмкін. Өйткені пандемия ресми мәліметтерге сәйкес ЕО бойынша шамамен 1,09 миллион адамның өмірін қиды. 65 жаспан асқан адамдар қазір Еуропалық Одақ тұрғындарының бестен бірін құрайды, ал 80 жастағы ерес олардан да қарт адамдардың саны соңғы 20 жылда 2001 жылғы 3%-дан 6%-ға дейін екі есе өсті. Сонымен қатар, 20 жасқа дейінгі адамдардың саны 2001 жылғы 23%-дан 2021 жылы 20%-ға дейін азайды. Еуростат деректері сондай-ақ әйелдердің ерлерге қарағанда шамамен 5% көп екенін және бұл арақатынас әсіресе Балтық елдерінде біркелкі емес екенін көрсетеді. Латвия, Литва және Эстониядағы әйелдердің саны еркектерге қарағанда сәйкесінше 16%, 13% және 10% көп. Алайда, одаққа мүше мемлекеттер ішінде керісінше әйелдерге қарағанда ер адамдар көп елдер де бар. Олар Мальта, Люксембург, Швеция және Словения.

ҚЫРҒЫЗСТАН

Қарулы күштердің қауіпсіздігіне ерекше назар аудармақ

Әлемнің әртүрлі аймақтарында болып жатқан қарулы қақтығыстардың салдарын болжау қиын. Қырғызстан Қарулы күштерінің 30 жылдығына арналған салтанатты парада сол елдің Президенті Садыр Жапаров айтты. «Тіпті Қарулы Күштерді құру – еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты міндеті», – деді Қырғызстан басшысы. С.Жапаровтың айтуынша, жақын арада Қауіпсіздік кеңесі елдің Қарулы күштерінің жаңа әскери доктринасының жобасын, атап айтқанда, олардың жауынгерлік әлеуетін арттыруды қарастырады. Өткен жылы әскери қызметкерлердің жалақысы көтерілді. Сонымен бірге Қарулы Күштерде жұмыс істейтін азаматтық қызметкерлердің жалақысын арттыру бойынша жаңа ұсыныстар қарастырылуда.



ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗ ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА!

Хабарландыру

«Grand capital invest» ЖШС-сі «Атырау к., Нұрсая м.а., Т.Жұмағалиев к-сі, 16 мекен жайында орналасқан қызмет объектілері қосылған көп қабатты тұрғын үйлер құрылысы» (1-құрылыс кезегі сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Grand capital invest» ЖШС-ның мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Балықшы м.а., 1, байланыс телефоны: +7 707 3621227, e-mail: kmt2302@mail.ru

ЖК «Сунинбеков Ж.К.» мекен жайы: Нұр-Сұлтан қ., Жумабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>, маусым айының 8 мен 28 аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Атырау к., Балықшы м.а., 1, және +7 771 501 26 74 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «Grand capital invest» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Строительство многоэтажных жилых домов с объектами общественного обслуживания» расположенного в г. Атырау, мкр. Нурсая, ул. Т. Жумағалиева, №16 (1-очередь строительства без наружных инженерных сетей и благоустройства).

Адрес ТОО «Grand capital invest»: Адрес: Атырауская область, г. Атырау, мкр. Балықшы, 1, +7 707 3621227, e-mail: kmt2302@mail.ru

Адрес ИП «Сунинбеков Ж.К.»: г. Нур-Султан, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 8 по 28 июня на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Атырау, мкр. Балықшы, 1 и по телефонам + 7 771 501 26 74.

Хабарландыру

«ADAL SERVICE» ЖШС-сі 2022 жылғы мамырдың 18 күні сағат 15-00де, Нұр-Сұлтан қаласы, Алаш тас жолы мекен-жайы бойынша «ADAL SERVICE» ЖШС-нің нысаны бойынша шекті рұқсат етілген шығарындылар жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Нұр-Сұлтан қ., Байқоңыр р-ні, Алаш тас жолы, 74 және +7705 695 8861 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «ADAL SERVICE», сообщает, что в 15 час 00 мин. 18 мая 2022 года по адресу: город Нур-Султан, шоссе Алаш состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту нормативов эмиссии загрязняющих веществ в атмосферный воздух предельно-допустимых выбросов (ПДВ) для ТОО «ADAL SERVICE».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале.

Дополнительную информацию можно получить по Нур-Султан, район Байқоңыр, Шоссе Алаш,74 и по телефонам + 7 705 695 88 61.

Жедел ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Жұқпалы жедел ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі жаз айлары.

Бұл ішектің ауруға шалдығуы, кейде іштің бұзылуы, организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты болады. Инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нәжіспен сыртқы ортаға түсіп, тарайды.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, яғни жуылмаған көкөністерді, пісірілмеген ет, сапалық шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ ауыз суды қайнатпай ішу, лас суға түскендіктен жүғады.

Жаз айларында инфекцияның көп жағдайда шыбындар таратады. Аурудың алғашқы белгілері: Іштің жиі су сияқты өтуі, дене қызуының көтерілуі, асқа тәбеттің болмауы, шолдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, дәретінде қанды қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Осы аталған клиникалық белгілер пайда болғаннан дәрігерге көрінген абзал.

Алдын алу шаралары: Ішек инфекциялары-кір қолдың ауруы. Оның алдын алу үшін:

- Тек қайнатылған су ішіңіз;
- Көкөністермен жеміс-жидектерді мұқият жуыңыз;
- Ас дайындау, ыдыс жуу және ауыз суы үшін ашық айдындардың, арықтардың суын пайдаланбаңыз;
- Тамақ дайындалатын, ас ішетін ыдыс-аяқтарды таза ұстап, уақытылы залалсыздандырыңыз;
- Қоқыстарды уақытында шығарыңыз;
- Жеке бас гигиенасын сақтаңыз;
- Тазалық ережелерін орындай отырып, Сіз қауіпті аурулар мен сырқаттардан өзінді және үйдегі, ұжымдағы балаларды қорғайсыз.

Б.РЫМОВА,
Сырдария аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқарма жетекші маманы



(30.05-01.06.2022)



Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)

Айналыңызда болып жатқан нәрселерге тым талғампаз болмаңыз...



Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)

Көптің тілегі қабыл болады. Алға қойған жоспарларыңызды өзгерте кетіңіз...



Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Қандай жағдай болса да, сабыр сақтаңыз. Сізді жақсы жаналықтар күтуге...



Шааян (22 маусым-22 шілде)

Көпшілік сізді кез келген адаммен ортақ тіл таба білуіңіз үшін бағалайды...



Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Егер сізде қандай да бір жоспар немесе идея болса іске асыратын сәт келеді...



Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)

Үйде және жұмыста қандай оқиғалар болса да, жан тыныштығын сақтаңыз...




Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Босқа секемдене бермеңіз. Сізге жаман сөз де көз де жоқ...



Сарышаан (23 қазан-21 қараша)

Жоспардың орындалуы алдағы екі айдың ішінде мүмкін...



Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Аптаның оқиғалары қозғалыспен, өсумен, ілгерілеумен байланысты болады...



Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Апта барысында сізді таң қалдыратын оқиға орын алады...



Сүкүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)

Ұсақ-түйек нәрселерге назар аудармаңыз. Іскерлік қабілетіңізді көрсетіңіз...



Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Жақын күндері сіздің өміріңізден бір нәрсе кетеді. Қорықпаңыз, бұл «бір нәрсе»...

Мектеп медицинасына 1 млрд. астам теңге қарастырылған

2020 жылы мектеп медицинасы қаржыландырудың жеке бағытына шығарылды. Былтыр жылы Қазақстанда мектеп оқушылары үшін кәсіптік қарау мен сауықтыру іс-шараларына 26,1 млрд. теңгеге шарт жасалды...

Балалардың денсаулығы – ел дамуының маңызды басымдықтарының бірі. Балалар жеңілдікті санатқа кіреді және мемлекет есебінен МӘМС-да сақтандырылған.

Мектеп оқушылары мен мектепке дейінгі мекемелердің медициналық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру туралы

ойлайтындар аз. Мектеп медицинасы білім беру ұйымдарында, яғни тікелей мектептерде, балабақшаларда, шағын орталықтарда немесе басқа да білім беру ұйымдарындағы балаларға медициналық қызмет көрсетуді көздейді.

Бұрын мектеп медицинасы учаскелік қызметке бөлінген қаражат есебінен қаржыландырылған. МӘМС жүйесін енгізу арқылы ол жеке позицияға шығарылды. Бұл мектеп жасындағы балаларға арналған алдын алу шараларының кең ауқымын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы жылы Қор білім беру ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуге 436 емханамен 26,1 млрд. теңгеге жуық сомаға шарт жасалды.

Аймағымызда - 13 емханамен 1,35 млрд. теңге сомаға шарт жасалды.

Алдын ала қорытынды бойынша, 2022 жылдың 1 тоқсанында мектеп медицинасы қызметі шамамен 6,4 млрд. теңгеге көрсетілді, оның 337,9 млн. теңгесі Қызылорда облысында.

Қор филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов атап өткендей, мектеп медицинасының мәні – білім беру ұйымдарындағы балаларды қажетті медициналық қызметтермен қамтамасыз ету. Бұл жұмыс мектеп немесе балабақша орналасқан аумаққа қарасты емхана жауапкершілігінде болады.

Мектеп медицинасының тарифіне вакцинация, жыл сайынғы профилактикалық тексеру, тіс дәрігерінің тікелей оқу орнында өткізілетін тексеруі кіреді.

Сондай-ақ, оқу орнындағы дәрігерлер балалардың салауатты өмір салтын ұстануы бойынша іс-шаралар өткізеді. Егер кәсіби тексеруде патология анықталған болса, онда бала тіркелген жері бойынша емханаға терендетілген медициналық тексеруге жіберіледі.

Балалардың вакцинациялауы ата-аналарының келісімімен Ұлттық егу күнтізбесі бойынша жүргізіледі. Шұғыл жағдайларда медициналық пунктте жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін балаларға алғашқы көмек көрсетіледі.

Осылайша, мектеп медицинасы мектеп оқушыларының денсаулық жағдайын үздіксіз бақылауды қамтамасыз етуге және көмек болған жағдайда уақытлы алғашқы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Айгүл АХАНОВА, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

ГАЗ ШАРУШАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙ

Қазіргі таңда газ шарушалығындағы қауіпсіздік жағдай өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Газ жарылысына байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, түрлі қайғылы жағдайлар орын алуда.

Тұрмыстағы газ жарылысының негізгі себептері тұрмыстық газ баллондары мен құрылғыларын пайдалану талаптарының бұзылуы, газ жабдығын жалғағыш құбырларының жай-күйі, баллондардың нормативтік мерзімінің өтуі және ақаулы газ жабдығын пайдалану болып табылады.

Аталған бұзушылықтардың алғашқыларын тауарлық газды газ тарту жүйесі бойынша тасымалдауды, газ тарту жүйесін техникалық пайдалануды, сондай-ақ тауарлық газды көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын ұйымдардың жоюсыздық жұмысынан туындайды.

Мәселен, «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңның (бұдан әрі-Заң)

19-бабына сәйкес, Тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын пайдаланатын коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын газ жүйесі ұйымдары немесе газ топтыру пунктіннің иесімен өздеріне тиесілі газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті және оларға техникалық қызмет көрсетуге шарт жасаспай пайдалануға тыйым салынады.

Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар газ тұтыну жүйелеріне, газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйым олардың техникалық жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Адам шығыны мен жарақаттану қауіп-қатерін азайту мақсатында мынадай шаралар қабылдау қажет:

Газ шаруашылығы саласындағы ұйымдар: - стационарлық автомобильді газ құю станциясында автокөлікте пайдалануға арналмаған баллондарды топтыруға жол бермеу;

- стационарлық автогаз құю станциялары бар субъектілер газ құюшы қызметкерлеріне (оператор) тұрмыстық газ баллондарына газ құюға жол бермеуге нұсқама өткізу;

- тұрғын үйлерге тауарлық газды жеткізуге шарттар жасасу кезінде тұтынушыларға тиісті жұрналға белгі қоя отырып, тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану қағидалары бойынша нұсқама жүргізу;

- газ топтыру пункттері мен газ топтыру станцияларында тұрмыстық баллондардың кемінде әр 5 жыл сайын кезеңділікпен куәландыруды жүргізу, таңба бедері жоқ және нормативтік мерзімі өткен тұрмыстық газ баллондарын қолдануға жол бермеу;

- Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау, сондай-ақ газбен жабдықтау жүйелері объектілерін қауіпсіз пайдалану үшін жағдай жасау мақсатында оларға іргелес жатқан аумақтарда қуаң аймақтары белгіленеді. Газбен жабдықтау жүйелерінің объектісін пайдаланатын ұйым беретін жазбаша рұқсатсыз құрылыс, монтаждау, жер казу, тиесу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шұрфтарды орнатуға байланысты іздестіру жұмыстарын жүргізуге, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыруға, базарларды орналастыруға, материалдарды қоймаға жинауға, қоршаулар мен дуалдар соғуға, күйдірткіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастауға және тегуі тыйым салынады.

Жоғарыда айтылған мәселелер төңірегінде техникалық қызмет көрсетуге шарт жасаған мекеме өзінің нақты келісімі жасаған тұтынушыларының алдындағы жауапкершілігін, сондай-ақ азғантай ақшаға қызығып, қайғылы жағдайды туындар заңды тұлғалар Заң аясында жауапкершілікке тартылатындығын қатаң ескертеміз.

Мадина АЙТМІНОВА, ҚР ТЖМ ӨКҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

БРУЦЕЛЛЕЗ – ҚАУІПТІ АУРУ

Бруцеллез (малыта қызбасы) – бұл ауру осы аурумен ауыратын малдың шікі сүтін ішуден болады.

Эпидемиологиясы. Барлық жерде кең таралған. Инфекция көзі: ұсақ мүйізді мал (қой, ешкі), ірі қара мал, шошқалар, маралдар және адамдар. Таралу механизмі: фекальды-оральды және қатынас арқылы. Берілу жолдары: өте көп, қатынас арқылы (зақымдалған тері) жалаң қолмен мал қырыққанда, мал төлдетуе қатысқанда, мал күтімі кезінде жағуы, алиментаарлық жолмен шікі сүт, қайнамаған сүттен жасалған тағамдар, толық термиялық өңдеуден өтпеген ет тағамдарын жегенде және аэрогенді (ауа, шаң арқылы) мал қораны тазалау кезінде жұғуы.

Бруцеллез ауруы - бруцеллалармен шақырылатын, қоздырғышы әртүрлі механизммен берілетін, клиникасында созылмалы қызбамен, қимыл-қозғалыс аппаратының, жүйке жүйесінің, жүрек-қан тамырлары жүйесінің, зәр шығару жүйесінің және т.б. жүйелердің зақымдалуымен жүретін, созылмалы түрде ауысуға бейім, аллергиялық компоненті бар зоонозды инфекциялық ауру.

Этиологиясы. Brucella тұқымдына 6 түр кіреді: Br.melitensis - Қазақстанда жиі кездеседі. Көбіне бұл түрмен ұсақ малдар (қой, ешкі) ауырады. Қызылорда облысында бруцеллезбен ауырған науқастарда 100 пайыз осы түрі кездеседі. Сонымен қатар ірі қара малда кездесетін Br.abortus,шошқаларда кездесетін Br.suis, иттерде кездесетін Br.canis және егеуқұйрықтарда кездесетін Br.neotomae түрлері де бар.

Бұл қоздырғыштардың әрқайсысы өз бетінше ауру шақыра алады.Бруцеллез ауруының қоздырғышы түрі шар тәрізді, грамм-теріс, эндотоксин бөліп шығаратын, S-форма түзетін, сыртқы ортаға кең төзімді қоздырғыш.

Сыртқы орта нысандарында бруцеллез ауруының қоздырғышы ұзақ өмір сүре алады. Мысалы, топырақта 110 күн және одан да жоғары, шанда - 44 күнге дейін, суда -6 күннен 150 күнге дейін, қакталған етте - 80-100 күнге дейін өміршеңдігін жоймайды.

Төменгі температурада бруцеллалар өзіннің өміршеңдігін 160 күннен жоғары уақытта жоғалтпайды. Құрғақ ортада бруцеллалар 90-95 °С -та 1 сағатта өліп қалады, ылғалды ортада 55 °С-та

1 сағатта, 60°С-та 30 минутта өледі. Қайнатқанда бруцеллалар бірден өледі.

Патогенезі: Бруцеллалар ағзаға тері немесе шырышты қабақтар арқылы енеді, сосын макрофагтармен ұсталып, сол жерде көбейеді де, лимфа ағынымен регионарлық лимфа түйіндеріне енеді. Содан соң қан тамырлар арқылы бүкіл ағзаға жайылады. Аурудың клиникалық белгілерінің көрінуі мен дамуы ағзаның жеке ерекшелігіне байланысты, ағзаға ену жеріне, түріне,ағзаға түскен қоздырғыштың дозасына және зақымдану шартына байланысты.

Клиникасы. Ол дене қызуы көтеріліп, қалтырап, дірілдеуден басталуы болады, бірақ әдетте бірте-бірте, тез шаршау, әлсіздік асқа төбетіп болмауы, бастың, асқазанның, буындардың ауыруы формасында өрбиді. Ыстықтың көтерілуі жеңіл және ауыр формада болуы мүмкін. Түстен кейін қалтырап-дірілдеу және ертеңгісін малшынып терлену қалу бұл ауруға тән белгі.

Созылмалы бруцеллезде ыстық бірнеше күн болады да сосын қайта көтеріледі. Тиісті ем қолданбаса, бірнеше жылға созылуы мүмкін. Мойында, қолтықтың астында, шапта ісінген лимфа түйіндері пайда болуы мүмкін.Клиникалық симптомдары орташа алғанда 2-3 апта өтуімен сипатталады. Сонымен қатар

бруцеллезбен ауырған адамда әлсіздік, бұшық еттердің, буындардың ауыруы, бәуір мен талақтың ісінуі байқалады. Висцералды бруцеллез кезінде жүрек-қан тамыры жүйесі, тыныс алу жүйесі, буын-тірек органдары және нервтік жүйе, жыныстық және зәр шығару жүйелері зақымданады. Бруцеллездің ең бір қатерлі зардаптарының бірі бұл белгісіз, ұрпақсыздық болып табылады. Дер кезінде ем алмаған жағдайда науқастаңғандардың 15 пайызына дейін біреудің көмегінің жүріп-тұра алмайтын 1-ші топтағы мүгедекке айналуы мүмкін.

Диагностикасы. Бруцеллезді гемокультура арқылы бактериологиялық жолмен қоздырғышты өсіру арқылы, генетикалық жолмен (ПТР), серологиялық жолмен (ИФА, РСК, Хелдельсон, Райта, Роз-Бенгал) және аллергиялық пробалар (проба Бюрне) қою арқылы, биологиялық әдіс (теңіз ашықаларын зақымдау) арқылы анықталады. Бруцеллезді іш сүзегімен, Ку-қызбасымен, туберкулезмен, безгекпен, эпидемиялық бөрме сүзегімен, Брилли ауруымен дифференциациялайды.

Диспансеризация. Екі жылға диспансерлік есепке алынады. Әр 3 ай сайын серологиялық зерттеулермен тексеріліп отырады.

Профилактикасы. Қайнатылған немесе пастерленген сүт ішу, қайнамаған сүттен жасалған тағамдардан бас тарту, ауру малды күтіп-бағам кезінде арнайы сақтық киімдерін пайдалану, әсіресе, қолда жырылған, түйінген жаракаттар болса аса қауіпті болуы қажет. Мал төлдету, қыркым кезінде резенке қолғаппен жұмыс жасау. Жүйелі түрде жеке қожалықтағы мал басын ветеринариялық тексеруден өткізіп, малдың денсаулығына қарап отырса аурудың алдын алып, оны жұқтырмауға болады.

Мира БОРАНБАЕВА, Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бас маманы

БАСТЫ ТАЛАП – ТАЗАЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі №146 «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығы бойынша балалардың дені сау, жан-жақты жетілген азамат болып қалыптасуы үшін оқушылардың жазғы тынығу-сауықтыру лагерлеріне арнайы санитариялық талаптар қойылады.

Жазғы сауықтыру маусымының ашылуы алдында жөндеу-қалпына келтіру және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, жүргізіледі. Атап айтқанда: үйлердің жөндеу жұмыстары, инженерлік желілердің, желдету, ауа баптау жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін тексеру, ауыз суын зерттей отырып, сумен жабдықтау желілері мен құрылыстарын профилактикалық жуу және дезинфекциялау, аумақты тазарту және аббаттандыру, профилактикалық дезинфекциялық, дезинсекциялық, дератизациялық іс-шаралар және объектілерде ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Объектінің пайдалану кезінде аумағында бұзылмаған қоршауы болуы тиіс. Тығыз жабдылатын қақпақтармен жабдықталған қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақтағы үй жағынан қоршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылады.

Объектілерде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау жарамы жағдайда көзделеді және ауыз су режимі ұйымдастырылуы тиіс. Суға арналған құлар (диспансер) өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін таза ыдысты (шыны, фаянс, пластмасса, бір рет қолданылатын стакандар) пайдаланады. Қайнатылған ауыз суды үш сағаттан асырмай сақтаған жағдайда пайдалануға болады. Балалардың лагерде болатын барлық уақыты ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімділігі қамтамасыз етіледі. Барлық үй-жайларда ашылатын терезелер, фрамугалар арқылы табиғи желдету көзделеді. Лагердің жапын үй-жайлары қоршалатын қатты төсеті бір немесе екі қабаты қырық екі теріс керуеу термен, керуеу жанындағы тубалармен, киімге арналған шкафттармен жабдықталады.

Төсек жабдықтарын, сүлгілерді ауыстыру ластануына қарай, бірақ күнтізбелік жеті күнде бір реттен сиретпей және тұратындар кеткеннен кейін жүргізіледі. Жиһаз, жұмақ, қатты мұқамал, жабдық жұмыс жағдайында болады және уақытлы жөндеуге немесе ауыстырылуға жатады.

Объектілердің ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі көзделеді, шікі және дайын өнімнің, шікі жарғылай фабрикалар мен дайын өнімнің, пайдаланылған және таза ыдыстардың қарама-қарсы ағынына жол берілмейді. Тамақтанудың іс жүзіндегі рационалы бекітілген перспективтік ас мәзіріне сәйкес келеді. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау температурасы төмен тоназытқыш жабдықтарында және (немесе) тоназытқыш камераларында және (немесе) тоназытқыштарда жүзеге асырылады. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді. Күн сайын тамақтанатын балалардың саны, жасына байланысты граммен берілген дайын тағам порциясының массасы, сондай-

ақ әрбір тағам бойынша өнімдер шығысы («брутто») салмағында) көрсетіле отырып, әрбір тамақтануға тағамдар тізбесі көрсетілетін тарту-ас мәзірі жасалады және ілінеді. Ипивоитаминоздың алдын алу және балаларды тиімді сауықтыру мақсатында салқындыталған суықтарды (компот, кисель) «С» витаминімен жасанды витаминдеу жүргізіледі. Объектінің жауапты тұлғалары ас блогына келіп түскен өнімдердің сапасын, өнімдерді сақтау және өткізу мерзімдерінің сақталу шарттарын, тәуліктік сынаманы алу мен сақтаудың дұрыстығын, тағам дайындау технологиясының сақталуын, персоналдың және асхана кезекшісінің жеке гигиена қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады. Күн сайын ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасы алынады. Лагерде қызмет көрсететін персонал және ас блогы қызметкерлері медициналық тексеріп-қараудан және гигиеналық оқығудан өтеді. Жеке медициналық кітапшасы және жұмысқа жіберілген туралы белгісі жоқ адамдар жұмысқа қабылданады.

Сонымен қатар, коронавирус пандемиясы жағдайында сақтық шараларын жасау үшін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі «Білім беру объектілеріндегі іс-шаралар туралы» №20 Қаулысының талаптарын басшылыққа алына отырып, жұмыстар жүргізіледі.

А.ҚУЛМАҒАНБЕТ, Сырдария ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, 8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Table with contact information for the newspaper, including names of the director, editors, and contact details like phone numbers and email addresses.